



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

3. Послание Президента РК народу от 10 января 2018 г. Ссылка: [http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvaryya-2018-g](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvaryya-2018-g) [дата обращения: март 2018].
4. UNCTAD (2008), Creative economy. Ссылка: [http://unctad.org/en/docs/ditc20082cer\\_en.pdf](http://unctad.org/en/docs/ditc20082cer_en.pdf) [дата обращения: март 2018].
5. PRATT, A. C. (2008), Creative Cities: the Cultural Industries and the Creative Class, Geografiska Annaler, Series B, Human Geography, vol. 90, issue 2, pp. 107-117.
6. European Commission (2005), Future of Creative Industries.
7. Department For Digital, Culture, Media And Sport (DDCMS) (2008), Beyond the creative industries. Ссылка [https://www.nesta.org.uk/sites/default/files/beyond\\_the\\_creative\\_industries\\_report.pdf](https://www.nesta.org.uk/sites/default/files/beyond_the_creative_industries_report.pdf) [дата обращения: март 2018 года].
8. HIGGS P. L., CUNNINGHAM S. D., PAGAN J. D. Australia's creative economy: Definitions of the segments and sectors. – 2007.
9. UNCTAD (2008) Creative economy. Ссылка: [http://unctad.org/en/docs/ditc20082cer\\_en.pdf](http://unctad.org/en/docs/ditc20082cer_en.pdf) [дата обращения: март 2018].
10. Christiaan De Beukelaer, Galina Koretskaya Cultural industries in Kazakhstan: models, challenges and strategies. Ссылка: <https://www.britishcouncil.kz/ru/programmes/arts/cultural-industries-report> [дата обращения: март 2018].
11. Сана Ким, Анастасия Гончарова. Анализ проблем, связанных с недостаточной квалификацией и дефицитом специалистов в сфере культуры Казахстана (2017). Ссылка: <https://www.britishcouncil.kz> [дата обращения: март 2018].

УДК 64

## БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖЫНЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

**Қалдыбек Макпал Қалдыбекқызы**

[missanara.96@mail.ru](mailto:missanara.96@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В090500-«Әлеуметтік жұмыс»

мамандығының 4 курс студенті,

**Досмурзаева Динара Онгаровна**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Астана, Қазақстан

«Балаларға қатысты зорлық-зомбылық» ұғымын әдетте ата-аналар немесе қауымдастықтар тараптарының қорғаудың қажетті стандарттарымен қамтамасыз ету міндеттерін орындамауы және қасақана залал келтіру нәтижесінде балаға келтірілген залалды сипаттауы үшін пайдаланады. [1]

Балаларды қорғау мәселелері әдетте, балалар отбасынан ажыраған және аластатылған немесе отбасылары қатал өмірлік шұғыл жағдайларда туындайды. Сондықтанда, айрықша жағдайларда дене, жыныстық, эмоционалды немесе ата-аналық міндеттерді орындамау нәтижесінде туындаған қатыгездіктен (зорлық-зомбылық) қорғауды қажет ететін балалар арасындағы айырмашылықты тану маңызды. Балаларға қатысты қатыгездік кең мағынада бес тұрпатты бөліп орсетеді: □ денезорлық-зомбылық; □ жыныстық зорлық-зомбылық; □ баланың қажеттіліктері мен мүдделерін елемей (қадағалаусыздық, ата-аналық міндеттерден жалтару, экономикалық зорлық-зомбылық); □ эмоционалды/психологиялық зорлық-зомбылық; □ жыныстық және коммерциялық пайдалану. [1]

Сексуалдық зорлық-зомбылық - адамның жыныстың тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ

кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер. [2]

Жыныстық зорлық-зомбылық:

- ересектердің немесе басқа балалардың жыныстық қажеттілігін қанағаттандыру немесе пайда табу үшін баланы пайдалану. Жыныстық зорлық-зомбылыққа жыныстық қатынастан (коитус), оральдық және анальды секс (инцестті қосқанда), өзара мастурбация, өзге де жыныстық органдармен және басқа де дене мүшелерімен қатынаста болуы жатады. Жыныстық азғындыққа баланы жезөкшелікке тарту, балаға жалаңаш денені, емшекті немесе бөксені көрсету және оларды сипау, парнографиялық материалдар көрсету қарастырылады.

- бала даму деңгейіне сәйкес ақпараттандырылған келісім бере алмайтын, толығымен түсінбейтін, егер заң немесе қоғамның әлеуметтік тиымы бұзылса келісім бере алмайтын жыныстық қызметке баланы тарту. Балаға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық жасына және дамуына байланысты балалар мен ересектер немесе басқа балалар арасындағы басқа тұлғаның қажеттілігін қандыру немесе қанағаттандыруға бағытталған жауапкершілік, сенім білдіру немесе билік ету қатынастарын білдіреді. Жыныстық зорлық-зомбылық - кез-келген заңды жыныстық қатынасқа түсуге баланы мәжбүрлеуден немесе үгіттеуден тұруы мүмкін, бірақ шектелмейді; баланы жезөкшелікке немесе басқа заңды жыныстық тәжірибеге эксплуатациялық пайдалану; балаларды интернетте порнография көрсетуге, суреттер мен материалдарға эксплуатациялық пайдалану (ДДҰ, 1999). [1]

Ересектердің интернет тәрізді заманауи технологияларды пайдалануы арқылы балаларды кездесуге және виртуалды жыныстық қарым – қатынасқа қатысуға шақыруы да зорлық-зомбылық болып табылады. Көбінде жыныстық зорлық-зомбылық – бұл жоспарланған және қасақана жүріс тұрыс болып табылады.

Қазақстан Республикасында балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық мәселесі аясындағы мониторинг пен статистика көрсетілімеген. Себебі өте латентті тақырып болып табылады. Одан бөлек өзге физикалық, психологиялық зорлық-зомбылық түрлеріне қатысты тіпті ересектер арасында орын алған сандық көрсеткіш беру қиынға әкеп соғады. Осы уақытқа дейін тек күрделі адам қазасы мен балалар үйінде орын тапқан оқиғалар шарасында ғана тіркемелер мүмкін болуда. Тек отандық емес, менталитеттің өзгелігіне қарамастан шетелдерде бұл жағдайдың ауырлығына байланысты шағымдану кешіктіріліп жатады.

Балаларға қатысты сексуалдық зорлық-зомбылықты айтатын болсақ, біз дереу тек зұлымдыққа толы бөтен адамның, педофилдің қатігез көрсететін қатерлі көріністерді елестете аламыз, бірақ іс жүзінде ең көп тараған сценарий ересек отбасы мүшесінің (35-40% немесе отбасының досы (45% жағдайда), балаға жақсы таныс сексуалды тыраштанулары жатады деп түсіндіреді психолог Лия Олейник. [3]

Балаға қатысты зорлық-зомбылық әр түрлі жолмен көрінуі мүмкін. Шомылдыру кезінде өгей әкесінің өгей қызын бақылауы, төрт жасар баламен бірге кезінде «соғысу ойындары» арқылы қару-жарақ іздеу деп ойлаған кезде, ақырында осылайша оны атасы жалаңаштау ойыны. Немесе өгей әкесінің оны диванға жатқыза жыныстық мүшелерін сипалап, балаға осылай бірін-бірі сүю керектігін түсіндіруі: «Саған осылай жағымыды ма?». Осының бәрі жыныстық зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлері. Мұндай әрекеттерде баланың пассивті және белсенді рөлі бар, сонымен бірге қайшы сезімдерді бастан кешіре алады: қорқыныш пен рахат, ұят және тілек. [3]

Кішкентай балалар жыныстық қатынаста болуға физикалық жағынан да, эмоциялық жағынан да дайын емес. Олар жыныстық қатынаста болудың не екенін түсінбейді, сондықтан мұндай әрекетке өз еріктерімен баруы мүмкін емес. Демек, жыныстық зорлыққа ұшырағанына бала кінәлі болмайды. Балалар үлкендерге сенгіш келеді және залым адамдардың пиғылдарына иланып қалады. Сондықтан ондай адамдарың оңай олжасына айналады. Бір кітапта: “Азғыратын адамдар өте қу болып келеді, сондықтан балалар олардың зымиян айла-амалдарын аңғармай қалады”,— делінген (“The Right to Innocence”). Балалардың жыныстық зорлыққа ұшырау кезінде жыныстық құмарлықтары оянуы мүмкін. Егер сенің жағдайыңда да осындай болған болса, өзіңді кінәлама. Себебі біреу дененді сипалағанда, ағза еріксіз түрде осындай реакция береді. Бұл мұндай қатынасқа өз еркінмен

барғанынды және болған жайтқа кінәлі екенінді білдірмейді. [3]

Балаларға өте көп назар аударуымыз қажет. Баланың жүріс-тұрысындағы кезкелген өзгерістеріне көңіл бөлу керек:

- Жиі және/немесе ауырып несептің шығуы.
- Ішінің аймағындағы аурулар мен қатты жиырылуыларға.
- Көгерген әсіресе, жыныс мүшелері айналасындағы жерлерге.
- несептің ұстамауы немесе түнде несеп шығару.
- Анорексия, созылмалы таңам бұзылыстары.
- Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері.
- Дене мүшесін зақымдаушылық
- Өзіне деген жаман қатынас, өзіне қамқор жасаудан бас тарту.
- Түнде жама түс көру, ұйқысыздық.
- Үрейлі шабуылдар.
- Жуумен бас қату, тазалыққа берілу.
- Сөйлеуден бас тарту (элективті мылқаулық).
- Жүріс-тұрысының кенеттен өзгеруі.
- Үйден қашу.
- Мектепте ұйықтап қалу.
- Жыныстық деп қабылдауға болатын, балаға тән емес жүріс-тұрыс.
- Жасына адекватты емес немесе сурет салуда, сөйлескенде, ойында байқалатын жыныстық қатынас туралы толық білімнің болуы.
- Жыныстық қатынаспен байланысты суреттегі бөлшектер, символдар.
- Физикалық қараудан бас тарту[4]
- Нақты бір адамнан қорқу немесе нақты бір адаммен оңаша қалудан қорқыныш.

Кейбір жағдайларда жыныстық зорлық-зомбылыққа тап болған балаларда аталған белгілерді байқамауға да болады, олар өте жақсы жасыра алады. Өйткені қатты стресс алған балаларға, жыныстық зорлық-зомбылықтың мүмкіндіктері туралы ашық айту өте қиынға түседі.

Жараның бетін тырнай бермес үшін, болған жайтты ешкімге айтпағаным дұрыс деп ойлайды. Осылайша өзіне қандай да бір мағынада қорғаныс қабырғасын тұрғызғандай болатын. Алайда мұндай “қабырға” оны ауыр сезімдерден қорғағанымен, өзгелердің оған қол ұшын беруіне тосқауыл да қояды. Осыдан анықтау қиындыққа әкеп соғады. Соған қарамастан мүмкін болған жағдайында баланы байқап, бақылаған маңызды. Себебі бала мұндай сәттерде құқықтық, жалпы әрекеттерге сауатсыз болады.

Балалармен жұмыс істейтін кәсіби мамандарға балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықтың белгілерін анықтау бойынша арнайы курстар немесе тренингтер жүргізу қажет. Елімізде бұл мәселеге қатысты бағдарлама мен мекемелер жоқ, бірақ та соңғы жылдардағы өзектілігіне орай ірі массивті қалаларында бағдарламалар мен жобалар әзірленуде.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байсақова З.М., Мұхамедсадықова А.Т. «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» әдістемелік құралы. Алматы: «Қазақстан дағдарыс орталықтары одағы» ЗТБ, Алматы, 2013.
2. [Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы](#) Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы.
3. <http://www.psychologies.ru/roditeli/children/seksualnoe-nasilie-nad-detmi-kak-zaschitit-rebenka/>
4. <http://yablor.ru/blogs/seksualnoe-nasilie-nad-detmi-prichini-priznaki/2225528>